

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына „Қазақстан — 2050“ Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
4. Ғаламтор ресурстары
5. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности // Обобщающий доклад для представителей властных структур. ЮНЕП, 2011. — 52с.

ӘОЖ 338.486

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ТУРИСТІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Аяпберген Алмагүл Ернұрқызы

almagul.96_28@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығы бойынша 3

курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Гиззатжанова А.Г.

Туризм саласы бүгінгі таңда ең табысты сала болып табылады. Әлемнің көптеген елдерінде туризм саласы мемлекеттік бюджет қоржынына түсетін қаражаттың басым бөлігін құрайды. Туризмді табыс көзі ретінде санайтын елдердің қатарынан Мысыр, Таяу Шығыстағы, Еуропа мен Африкадағы, Австралия мен Латын Америкасындағы көптеген мемлекеттерді көруге болады. Мысалы, Грекия мен Мысыр, Тайланд пен БАӘ секілді өркениетті елдердің экономикасын шарықтатып, осы елдерді бүкіл әлемге танытып отырған туризм саласы болып табылады.

Ел экономикасын дөңгелетіп, экономиканың шарықтап дамуында туризм саласының алатын орны ерекше. Дамыған елдерде ел қоржынына ішкі туризмнен түсетін пайда жалпы кірістерінің 20-30 пайызын құраса, еліміз Қазақстанда бұл көрсеткіш 3 пайызды ғана құрайды.

Еуразия материгінің жүрегі, батыс пен шығыстың салт-дәстүрін, мәдениетін жалғастырушы Қазақстанның елі де жері де бай әрі кең. Еліміздің өзіне ғана тән табиғаты, мәдениеті, салт-дәстүрі кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Тіпті, елімізді тамашалауға келетін туристер саны жыл сайын артып келеді. Алайда еліміздің туризм саласы дамыту мәселесі түйінін таппай отырған мәселелердің қатарында.

Елімізде туристік ресурстар мол болғанымен, оларды тиімді пайдалана алмауымыз, туризм саласының шарықтап дамуына кедергі жасап отыр. Әсіресе, еліміздің оңтүстік аймақтарында, нақтырақ айтқанда, Қызылорда облысында туризм саласы әлі де ақсандап келеді. Облыста туризм саласын дамытуға ресурс көздері де мүмкіншіліктері де жеткілікті.

Қазіргі кезеңде облыстың туристік инфрақұрылымы 3 туристік фирмалар, 33 қонақ үй, 2 сауықтыру мекемелері, 9 балалар тынығу лаерлері мен 8 мұражай, 543 тарихи-архитектуралық ескерткіштер мен табиғи ресерустармен қамтылған [1].

Бұлардың негізін ғажайып тарихи-мәдени ескерткіштер мен ландшафтар, туристік орындар құрайды. Осындай әсем табиғатымен, тарихи ескерткіштерімен көзге түсетін жерлердің бірі - Жаңақорған ауданы. Аудан туралы білетіндер санаулы ғана. Алайда, Жаңақорғанның дертке дауа шипалы суы мен балшығын естігендер саны аз емес.

Жаңақорған шипажайы - Қызылорда облысы, Жаңақорған кентінің жанында, қарт Қаратау мен ежелгі Сыр өзенінің ортасында орналасқан. Өзінің климаттық ерекшелігі мен табиғи емдік – шипалық балшығының арқасында, алыс та жақын шетелдерге танымал шипажайлардың бірі болып танылады. 1918 жылдан бастап халықтың денсаулығын қалыпқа келтіріп, сонау сұрапыл соғыс жылдары жаралыларды балшығы мен тұзды суымен емдейтін госпиталь қызметін атқарып және кейінгі бейбіт өмірде жүз мыңдаған дем алушыларды сауықтырып зор абыройға кенелуде. Шипажайдың негізгі емдік қоры "Теріскен"көлінің

табиғи қара батпағы мен тұзды суы. 1994 жылдан бері шипажай төңірегінен ішкі ағзалар ауруларын емдейтін емдік қасиеті жоғары, құрамы жөнінен *Железноводскінің Смерновский* суымен сәйкес минералды су табылып, ол ем алушылар тарапынан лайықты бағасын алуда [2].

Осы орайда, Теріскен көлінің қасиеті туралы аңыз әңгімелердің бірін еске түсіруге болады. Аяғы ақсандаған, жарақаттанған киік көл жағасына келе беренде, көл суына түсіп кетеді. Бірнеше сәттерден соң құлан таза айығып шыға келеді. Аңызды естіген жергілікті халық жарақаттанған сәтте көл суын пайдалана бастады. Осылайша, көлдің шипалы қасиетін біліп, көз жеткізді.

Шипажайда 7 корпус бар және 393 орынға арналған. Шипажайдағы демалушыларға арналған орындар – жай орын, люкс, особняк деп бөлінеді. Барлық орындар санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Сонымен қатар, 260 адамдық асхана да бар.

Кесте 1 - Шипажайда емделетін сырқаттар

Р/с	Сырқат топтамалары және емдеу түрлері	Сырқат атаулары
1	<i>Сүйек-буын аурулары</i>	<u>полиартрит</u> , артрит, артрозоартрит, остеохондроз, ревматоидты полиартрит, бруцеллезді полиартрит.
2	<i>Перифериялық нерв жүйелерінің аурулары</i>	неврит, полиневрит, радикулит, полирадикулоневрит, омыртқа жұлын жарақаттарының зардаптары, грыжа Шморля
3	<i>Гинекологиялық аурулар</i>	созылмалы аднексит, сальпингоофорит, бірінші және екінші бедеулік.
4	<i>Урологиялық аурулар</i>	созылмалы простатит, ерлер ұрықсыздығы, ерлер белсіздігі
Минералды сумен емдеу		
5	<i>Асқазан, бауыр, ішек, өт жолдары аурулары</i>	созылмалы гастриттің барлық түрі, колит, дуоденит, гепатит, холесистит, өт жолдарының дискенезиясы, созылмалы пиелонефрит, семіздік, подагра.
6	<i>Стоматологиялық сырқаттар</i>	парадонтоз, стоматит, гингивит
7	қосымша мынадай физиотерапиялық емдеулер	<u>ультрадыбыс</u> , <u>электрофорез</u> , УВЧ, амплипульс, солюкс, УФО, лазер терапиясы, үгудің алуан түрі
Ескерту: Кесте автор қолданған материалдар негізінде құрастырылған.		

Шипажайдың өте құнды емдік факторлар:

1) Теріскен көлінің көптеген химиялық элементтері бар өте пайдалы ерітінді тұзды суы;

2) табиғи лабораториядан өткен теңдесі жоқ тұзды балшық, лай және батпақтары;

3) бұл тұзды ерітінділер мен балшық-батпақтардың белгілі ыстықтықпен шектеліп адам денесінің барлық түкпір-түкпіріне берілуі және керекті жағдайда қазіргі электр тоғының әсерімен ауырған жерге енгізілуі;

4) кейінгі кезде шипажайда минералды ауыз суының табылып ашылуы, олардың адам асқазанына, жіңішке, жуан ішектерге әсері, бауыр және өт жолдарын шайып, жуу әсері;

5) шипажайлық климаттық фактор: бұл жерде ауа-райының бір жыл ішінде 7-8 айдай бірқалыпты ыстық болып адамды терлетіп, су айдағыш қабілеті денеден тер арқылы барлық керексіз улы заттарды айдап шығаруы; Бұл табиғи жағдай бүйректің жұмысын жеңілдетіп, оларды демалдырып, қабынған тіндердің қалыпты жағдайына келуіне әсер етеді [3].

Теріскен көлінің байлығы су құрамы болып табылады Су құрамы Смирновский кайнарының құрамымен бірдей. Су температурасы-38⁰С.

Көлде хлоридтер мен сульфаттардың көрсеткіші басым, бұл судың тұздылығын көрсетеді. Ал иодтың болуы су шипалығының белгісі. Су құрамындағы мыстың, хромның нормативтік көрсеткішке сәйкес, яғни бұл өз кезегінде судың залалсыз екендігін көрсетеді.

Көлде ағзаға қажетті кальций, магний, иод, т.с.с. микроэлементтердің болуы келешекте туристік нысанға айналдырудың басты көзі болып табылады.

Кесте 2 - Теріскен көлінің су құрамы (Смирновский)

Жалпы минералдылығы(TDS)	3000 - 4000 mg/l
Кальций (Ca++)	250 - 350 mg/l
Магний (Mg++)	< 50 mg/l
Натрий (Na+)	600 - 800 mg/l
Гидрокарбонат (HCO3-)	1200 - 1500 mg/l
Хлорид (Cl-)	250 - 350 mg/l
Сульфат (SO4--)	800 - 1000
Калий (K+)	600 - 800 mg/l
Фтор (F-)	1.2 mg/l
Silica (SiO2)	43.6 mg/l
Темір (Fe + +)	3.9 mg/l
Марганец (Mn++)	0.057 mg/l
Цинк (Zn++)	0.056 mg/l
Мыс (Cu++)	0.009 mg/l
Жай газдалған су (CO2)	3 - 4 g/l
Йод (I-)	0.3 mg/l
Ескерту: кесте автор қолданған материалдар негізінде құрастырылған.	

Жаңақорған шипажайын әйгілі Ресейдің Железноводск қаласында, Железноводск саябағына жақын жерде орналасқан "Дубовая роца" шипажайымен салыстыруға болады. Себебі, су құрамы бірдей.

Бұрын бұл жерде халық арасында "Грязнушка" аталып кеткен минералды су көзі болған. 1886 жылы Орыс бальнеологиялық қоғамының басшысы доктор С.А. Смирнов бастаған топ осы аумақтан терең емес бір жерді қазып, ондаған су көздерін тапты. Олардан жылы, мөлдір минералды су шығып жатты. Су құрамын зерттеген Смирнов суды емдік бағытта іш ауруларына қарсы пайдалануға болады деген қорытынды жасады. Осыған сәйкес 1898 жылдан бастап халық арасында "Грязнюшка" аталып кеткен жер Смирнов қайнары болып атала бастады.

Железноводск қаласында орналасқан "Дубовая роца" шипажайында 2 корпустан тұратын емдік-сауықтыру кешені бар. 1967 жылы 186 орынға арналып салынған шипажай болып табылады. Тұрғын үй корпусы 11 қабатты, ал емдеу корпусы 2 қабатты ғимараттан тұрады. Шипажай 103 орынға арналған [4]. Шипажайдағы демлатын орындар - твин, сингл, люкс, сюит. Шипажай номерлері толық жабдықталған. Номерлерде Железноводск қаласының әсем де сұлу табиғатын көруге болатын балкон бар. Шипажайда орын саны аз болса да, келушілер саны өте көп. Біріншіден, жарнама жақсы жасалған, екіншіден инфрақұылым бар, үшіншіден сервис жақсы дамыған. Аталған себептер облысымызда әлідеболса шешімін таппаған мәселе болғандықтан, облысымызда туризм саласының экономиканың бір саласына айналуына кедергі жасары сөзсіз.

Шипажайға еліміздің кей аумақтарынан шипажайдың қасиеттілігін есітіп азын-аулақ емделушілер келіп, шипажай туралы жақсы пікірде оралады. Шипажайдың емдік қасиетіне тәнті болады. Алайда, Жаңақорғанның табиғат ерекшеліктері мен емдік қасиеті бар ресурстарын негізге ала отырып, Жаңақорған туристік базасын ұйымдастырсақ, еліміздің түкпәр-түкпірнен демалушылар, тіпті сырт елдерден туристер келіп ел экономикасын ілгері жылжытуға септігін тигізері анық. Осы орайда, Жаңақорған шипажайын ірі туристік базаға айналдыруға байланысты SWOT талдау жасалды.

Кесте 3 - SWOT талдау. Жаңақорған шипажайын туристік базаға айналдыру

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
- туристік-рекреациялық ресурсқа бай;	- қалыптаспаған база имиджі;

- қызығушылықты арттыру ретінде аңыз- әңгімелерді арқау етуге болады; - жылдам қызмет көрсету;	- тұрақты клиенттердің жоқтығы; - көлік қатынасы дамымаған; - жолдары жөндеу жұмыстарын талап етуі; - инфрақұрылым дамымаған;
<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіп-қатерлері</i>
- қосымша қызметтерді енгізу; - тұрақты клиенттерге ие болу; - облыс имиджін қалыптастыруға көмек.	- инфляцияның өсуі; - бәсекелестердің қарқынды дамуы;

Облыста туризм саласының дамуына кедергі болып отырған мәселелер:

1) автокөлік жолдарының болмауы немесе нашар жағдайы;

2) экскурсия нысандары жағдайының нашарлығы, яғни қолайлы тамашалау алаңдарының, жабдықталған және қауіпсіз жолдардың, демалыс орындарының жоқтығы, әсіресе қолайсыз ауа райы жағдайында (жаңбыр, қатты жел, ыстық);

3) білікті қызмет көрсетуші болмауы;

4) ауданның, облыстың рекреациялық жерлерінде электр жарығымен, сумен жабдықтаудың және көріз жүйелерінің болмауы.

Шипажай туралы мәліметтеді қарастыра отырып, оны туристік базаға айналдыру және туризм саласының дамуына кедергі жасап отырған кедергілерді жою мақсатында мынадай ұсыныстар беруге болады.

- салынған санаторийлерді халықараық стандартқа сай қайта құру, сервистік қызметке аса көңіл бөлу, мамандандырылған кадрлар санын арттыру ;

- шағын үйлер мен кемпингтер салу;

- ұлттық дәстүрлерімізді көрсететін этноауыл құрып, ұлттық тағамдарымызды ұсыну;

- тұрмыстық және техникалық қызмет саласын, жол инфрақұрылымын жақсарту;

- медициналық туризмді дамыту;

- құмды-шөлейтті жерде орналасқан сыр өңірінде төрт түліктің сусындарын ұсыну, қымыз және шұбат өнімдерін емдікмақсатта пайдалану.

- шипажай суының, балшығының емдік қасиетін жарнамалау;

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" стратегиясында Қазақстан халқына жолдауында медицина саласына және денсаулық сақтау бөліміне аса көңіл аудару қажет екендігін, сонымен қатар "Ұлт саулығы - біздің болашағымыздың негізі" , - деп атап өткен болатын. Осыған сәйкес, Жаңақорған ауданында 2013 жылы 26 мамырда 76 орындық "Шипажай Жаңақорған" сауықтыру орталығы ашылды. Алайда, жаңа сауықтыру орталығының ашылғанына қаамастан, келушілер саны көбейе қоймады. Себебі, қызмет көрсету төменгі дәрежеде, сонымен қатар сауықтыру орталығы жоғары деңгейде емес, яғни сауықтыру орталығын халықаралық стандартқа сай қайта ғалыптастыру қажет.

Сыр өңірі этноауыл құруға ең қолайлы орындардың бірідеп айтуға болады. Ел тарихынан, жер тарихынан сыр шертетін этноауыл құрамында киіз үй пішініндегі үйлер, қонақ үйлер, сыр өңірін еске салатын Қорқыт атамның қобызының пішініндегі ойын-сауықтыру орталығы салынса, яғни ойын-сауықтыру орталығының ішінде қазақтардың ұлттық ойындары, ұлттық асаптарымызды паш ету. Сонымен қатар, ұлттық тағамдарымызды ұсыну, соның ішінде қымыз және шұбат өнімдерінің шипалық қасиеттерін айта отырып, емдік мақсатта пайдалану. Осы ұсыныстар арқылы Жаңақорған ауданын медициналық туризмді дамыған этноорталыққа айналдыруға болады.

Аталған ұсыныстарды жүзеге асру арқылы, туризм саласындағы орналастыру орындарының саны артып, халықаралық стандартқа сай сауықтыру орталықтары көбейеді, сонымен қатар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Қызылорда облысының имиджін қалыптастыруға өзіндік көмегін тигізеді және ел экономикасының шарықтауына септігін тигізеді сөзсіз

Қолданылған әдебиет

1. <http://e-kyzylorda.gov.kz/>
2. <http://www.zhanakorgan.gov.kz/>
3. Абдулаев А. Теріскен тіпегі, 2008
4. <http://www.dubovaja-rosha.ru/>

ӘОК: 338.462

ҰЛТТЫҚ, МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Балтабекова Мадина, Орынбекова Жания


zhaniya.orynbekova@mail.ru, baltabekova.mm@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, туризм кафедрасының 1 курс
студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші э.ғ.к., доцент – Жеңісхан Дарима

Қазіргі уақытта туризм әлемдік шаруашылықтағы неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі және ең табысты бизнестердің бірі болып табылады. Туризм экономикаға және аймақ дамуына айқын ықпалын көрсетеді, елге шетел валютасының құйылуы, жаңа жұмыс орындарын жасау, инфрақұрылымның жақсаруына жағдай жасайды. Ол мемлекет экономикасы үшін маңызды болып табылады. Туризмнің негізгі үш оң әсерін байқауға болады: ол шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді, төлем балансы мен жиынтық экспорт сияқты маңызды экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсерін тигізеді, халықтың жұмысбастылығын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар туризм экономиканың 32 саласының дамуы мен елдің инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасайды.

Туристер басқа мемлекеттерге барғанда мәдени кешендермен қатар табиғи құндылықтарды да қабылдайды. Әлемдегі аймақтардың мәдениеттерінің әртүрлі болуы адамдардың демалысын саяхатпен өткізуіне қызығушылығын арттырады. Туристердің объектілерге баруы олардың рухани баюына және танымдық дүниесінің артуына әсер етеді. Мәдениет туристік қызығушылықтың негізгі элементі болып табылады.



Сурет 1 - Мәдени құндылықтар объектілерінің шоғыры